

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын  
арттырудың негізі»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ  
25 қантар 2019 ж.**

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ  
БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ»  
25 января 2019 г.**

**PROCEEDINGS**  
international scientific and practical conference  
**“New financial model as the kazakhstanis' wealth growth factor”  
25 January 2019**

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

**УДК 336.11**  
**ББК 65.261**  
**ГРНТИ 06.73.15**

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Бейсенова Л.З.  
Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.  
Профессор кафедры «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Алибекова Б.А.  
Доцент кафедры «Государственный аудит» к.э.н., доцент Тажикенова С.К.  
Доцент кафедры «Финансы» к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.  
Зав.кафедрой «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, к.э.н., доцент Тажбенова Г.Д.  
Старший преподаватель «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, м.э.н. Мажитова Б.Б.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ  
(г. Минск, Республика Беларусь), д.э.н., профессор Панков Д.А.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.  
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың негізі»**  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана:  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

**Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев:**  
Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Астана: Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева, 2019.

Proceeding sinternational scientific and practical conference “**New financial model as the kazakhstanis’ wealth growth factor**” - Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2019.

**ISBN 578-601-337-111-5**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international scientific and practical conference address the current issues of a new financial model formation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

**УДК 336.11**  
**ББК 65.261**

**ISBN 578-601-337-111-5**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2019

## Литература:

1. Савченко Л.А. Правовые основы финансового контроля: науч. пособие. - Киев: Юринком Интер, 2008. - С.504.
2. Степашин С.В. Государственный аудит и экономика будущего. - М.: Наука, 2008. - С. 608.
3. Муратбекова Ж.А. Государственный аудит как неотъемлемая часть эффективного государства // Наука вчера, сегодня, завтра: сб. ст. по матер. XXIV междунар. науч.-практ. конф. № 5(21). – Новосибирск: СибАК, 2015. – С.63-77
4. Байгабулов К. Государственный аудит теория и практика // <https://imanager.kz/kz/gosudarstvennyj-audit-teorija-i-praktika.html/>
5. Амангельдинов С.К. Основные аспекты перехода на государственный аудит // [https://rkastana.gov.kz/rus/deyatelnost\\_komissii/publikacii/?cid=0&rid=356](https://rkastana.gov.kz/rus/deyatelnost_komissii/publikacii/?cid=0&rid=356)
6. Назарбаев Н. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства.
7. Мухаметкарим А. Государственный аудит в Казахстане: начало положено // <http://nomad.su/?a=3-201603180015>
8. В Республике Казахстан будет внедрен государственный аудит // <http://www.tfa.kz/ru/novosti/135-v-kazakhstan-e-budet-vnedren-gosudarstvennyj-audit>
9. Указ Президента Республики Казахстан от 3 сентября 2013 года №634 «Об утверждении Концепции внедрения государственного аудита в Республике Казахстан»
10. Севостьянова И. Новые стандарты не помогли аудиту // <https://abctv.kz/ru/news/novye-standarty-ne-pomogli-auditu>

## МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАҢУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Сартбай Н.Б.<sup>1</sup>, Тажикенова С.Қ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Магистрант специальности «Государственный аудит», <sup>2</sup> кандидат экономических наук, доцент

Евразийский Национальный Университета им.Л.Н.Гумилева, Астана,  
Республика Казахстан

E-mail: [tazhikenova\\_sk@enu.kz](mailto:tazhikenova_sk@enu.kz)

**Андапта:** Қазақстанның экономикалық дамуы маңызды мемлекеттік қызметтер мен бағдарламаларды жүзеге асыру барысында мемлекеттік қаржылық шығындардың мақсаттылығын бағалауды талап етеді. Республикалық бюджет қорларын жұмсаудың жоғары деңгейдегі тиімділігіне қол жеткізу мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерттеу жүргізу, сондай-ақ, ҚР Президентімен анықталған тәртіпте шығыстардың негізгі бағыттарының қалыптасу сатысында республикалық бюджетке алдын ала бағалау жүргізу арықлы мүмкін болады.

Бюджет ресурстарының тиімді жұмсалуды бюджеттік шығындардың экономикалық нәтижелеріне, бюджетті жоспарлау мен қолдану тиімділігін анықтауға көмектеседі. Бұл әрбір бюджеттік бағдарлама үшін бағалау критерилерін жасауды талап етеді.

Мемлекеттік аудитті жүзеге асырумен байланысты құқықтық және этикалық нормалардың өзара қарым-қатынасын мемлекеттік және кәсіби тәуелсіз қаржылық бақылау органдары әзірлейді. Біздің елімізде мемлекеттік аудитті нормативті-құқықтық реттеудің мемлекеттік жүйесі құрылған.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтаған жағдайда осы органдардың мемлекеттік аудит нәтижелерін тануы. Осы мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік аудиттің нәтижелерін тану ерекшеліктері қарастырылды.

**Аннотация:** Экономическое развитие Казахстана требует оценки полезности государственных финансовых затрат при реализации важных государственных услуг и программ. Достижение высокого уровня эффективности расходов республиканского бюджета осуществляется через предварительное изучение объекта государственного аудита, а также предварительную оценку республиканского бюджета на этапе формирования основных направлений расходов в порядке, определяемом Президентом Республики Казахстан.

Эффективное использование бюджетных ресурсов помогает определить экономические результаты бюджетных расходов, эффективность бюджетного планирования и применения. Это требует оценки критериев для каждой бюджетной программы.

Взаимосвязь между правовыми и этическими стандартами, связанными с государственным аудитом реализует государственный и уполномоченный независимый органа финансового контроля. В нашей стране создана государственная система правового регулирования государственного аудита.

Взаимное признание результатов о аудита - это признание органами государственного аудита и финансового контроля результатов проверок этих органов при условии соблюдения стандартов государственного аудита и финансового контроля. В данной статье рассматриваются особенности признания результатов государственного аудита в соответствии с законодательством Республики Казахстан в области государственного аудита и контроля.

**Annotation:** Economic development of Kazakhstan requires the assessment of the public finances of essential public services and programs of realizing the state. The efficiency budget of the republican budget will be discussed through state budget audits of the object, as well as a preliminary assessment of the republican budget at the stage of the basic principles of forming the basic directions of the process, defined by the President of the Republic of Kazakhstan.

Effective use of budget resources helps to define the economic consequences of budget allocations, effectiveness of budget planning and application. This is a must-have budget program for every student.

The right and the interconnected standards, combined with the state-of-the-art audit, realizes the state and trustworthiness of the uninterrupted body of financial control. In the state of the state the state system of state regulation of correcting of the law is created.

Mutual conclusions about audit results - these are the bodies of the state with the state audit and financial control over the results of audits of the state bodies auditing and financial control. In this context, the importance of the assessment of the consequences of the state audit of the state of the Republic of Kazakhstan in the field of state audit and supervision.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, тексеру комиссиялары.

2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік аудиттің типіне қарай мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

- 1) тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы;
- 2) үнемділік – қызметтің бағаланатын нәтижелерінің тиісті сапасын сақтай отырып, осы нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген ресурстардың құнын барынша азайту;

3) өнімділік – санын, сапасын және мерзімдерін ескере отырып бөлінген ресурстарды пайдалана отырып, экономика немесе жекелеген басқару саласы үшін барынша пайдалы нәтиже алу;

4) нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы;

5) мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер;

6) перспективалық – жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі [1].

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізілетін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындыларын жүйелі түрде талдайды, бюджеттің атқарылуы, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері мен салдарларын жинақтап қорытады және зерделейді.

Жүргізілген талдау қорытындылары бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына ұсынады.

Өз кезегінде, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары ішкі аудит қызметтерінің құжаттарын қоспағанда, басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін, егер оларды Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес сот заңсыз деп танымаса, оларды таниды.

Есеп комитеті тексеру комиссиялары, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік аудитінің нәтижелерін тану үшін олардың мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтауына бақылау жүргізеді.

Егер Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сай емес деп танымаса, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган оларды таниды.

Егер Есеп комитеті жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сай емес деп танымаса, тексеру комиссиясы оларды таниды.

Егер ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сай емес деп танымаса, тексеру комиссиясы оларды таниды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері танылған жағдайларда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит материалдарын негізге ала отырып, мемлекеттік аудит көлемін қысқартады.

Басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін танымау фактісі туралы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорына тиісті ақпаратты енгізе отырып, мемлекеттік аудит объектісін хабардар етеді [2, б.92].

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану жоспарланатын немесе жүргізілетін мемлекеттік аудиттің ауқымына өзгеріс жасауға әкеп соғады.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану мынадай тәсілдердің біреуі арқылы:

1) Заңға сәйкес қалыптастырылған, Есеп комитетінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес Мемлекеттік аудит стандарттарына сәйкестігіне бақылау жүргізу арқылы жоспарлы;

2) мемлекеттік аудит органдарының сұратуы негізінде жедел жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін танудың жедел тәсілі Есеп комитетінің Интеграциялық ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЕК ИАЖ) арқылы сұрату жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит органдарының ақпараттық жүйелері Есеп комитетінің ЕК ИАЖ-мен интеграцияланғанға дейін нәтижелерді тану рәсімін жүргізу туралы сұрату электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану үшін көрсетілген рәсімдерді өткізудің бастамашысы ұсынған және (немесе) Бірыңғай дерекқорға орналастырылған материалдарды зерделеу жүзеге асырылады.

Зерделенетін материалдардың жеткіліксіздігі, олардың толық болмауы және (немесе) олардың анықтығына күмән келтірілген жағдайда, Есеп комитеті мемлекеттік аудит нәтижелеріне тану рәсімдері жүргізілген тиісті мемлекеттік аудит органына сұрату жасауды жүзеге асырады.

Сұратылған ақпаратты ұсыну мерзімдерін Есеп комитеті белгілейді және ол мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімдерінің уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды және жеткілікті болып табылады.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану:

1) жоспарлы тәсілде – аудиторлық іс-шара жүргізу үшін Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12257 тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес белгіленген мерзімдерде;

2) жедел тәсілде – материалдар Есеп комитетіне келіп түскен күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

1 кесте - Мемлекеттік аудит стандарттарының сақталуы мәніне мемлекеттік аудит нәтижелерін тану өлшемшарттары

№	Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану Өлшемшарттары	Сәйкес сіздіктердің анықталған фактілері
---	---	--

1	Мемлекеттік аудит органының мемлекеттік аудит жүргізу бойынша құзыретінің болуы	
2	Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қарашадағы 167 Жарлығымен бекітілген «Кәсібиқұзыреттілік» стандартына мемлекеттікаудиторлардыңсәйкестігі	
3	Басқа мемлекеттік аудит органдары жүргізетін мемлекеттік аудит нәтижелерінің танылуын қамтамасыз ету	
4	Аудит бағдарламасында айқындалған мемлекеттік аудит объектілері мен мәселелердің толықтығы және мемлекеттік аудит мақсатына сәйкестігі	
5	Мемлекеттік аудитпен қамтылған мәселелердің толықтығы және Аудит бағдарламасында көрсетілген мәселелерге сәйкестігі	
6	Аудит бағдарламасы мәселелерінің толық ашылуы	
7	Анықталған бұзушылықтар фактілерін растайтын құжаттардың болуы жәнеАудиторлық есепте сілтеме жасалған жазбалардың анықтығы	
8	Аудитпен қамтылатын кезеңнің сақталуы	
9	Үстеме тексеру жүргізу қажет болған жағдайда сақталуы	

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану «700. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартының» 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік аудит нәтижелерін тану өлшем шарттарының негізінде Мемлекеттік аудит стандарттарының сақталу мәніне айқындалады.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану өткізілген рәсімнің қорытындылары бойынша:

1) тану (Мемлекеттік аудит стандарттары сақталған кезде не мемлекеттік аудит нәтижелеріне әсер етпеген, Мемлекеттік аудит стандарттары сақталмаған кезде);

2) танымау (мемлекеттік аудит нәтижелеріне әсер еткен, Мемлекеттік аудит стандарттары сақтамалмаған кезде) туралы мынадай шешім қабылданады.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін танудың қорытындылары:

1) жоспарлы тәсіл үшін – Қағидаларға сәйкес аудиторлық қорытындымен ресімделеді және ол бекітілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит нәтижелерін тануды өткізурәсімдерінің бастамашысына және тиісті мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі;

2) жедел тәсіл кезінде – осы Стандартқа2-қосымшағасәйкеснысанмен мемлекеттік аудит нәтижелерін танудың қорытындысы бойынша Есеп комитетінің қорытындысымен ресімделеді оған қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, мемлекеттік аудит нәтижелерін тануды өткізурәсімдерінің бастамашысына және тиісті мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.

Есеп комитеті мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындыларын «Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру мен жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 7-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12459 тіркелген) көзделген тәртіппен Есеп комитетінің негізінде қалыптастырылған бірыңғай дерекқорға орналастырады [3].

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттардың мониторингін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тұрақты түрде жүргізеді.

Сонымен бірге, ұсынымдардың қаралу нәтижелері туралы және нұсқамалардың орындалуы туралы ақпаратты мемлекеттік аудит объектісі және өзге де мүдделі тұлғалар растау құжаттарын қоса бере отырып, тиісті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органына тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде жіберуге міндетті.

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының нұсқамаларын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауаптылықта болады.

### **Әдебиеттер:**

1. 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Государственный аудит. Учебник./Б.А.Алибекова, А.Б. Зейнельгабдин, С.Б.Макын, А.М.Мухаткерим, С.Н.Нугурбеков, Д.М.Нурхалиева, Б.О.Туребекова, С.К.Тажикенова, А.К.Карыбаев/ под.ред. К.Е.Джанбурчина – Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2016 – 375с.
3. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану «700. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты» // [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)

### **ФАЛЬСИФИКАЦИЯ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ**

**Тажобаев С.Д.**

доктор экономических наук, профессор Таразский инновационно-гуманитарный университет,  
г.Тараз, Республика Казахстан

E-mail: [stazhibaev@mail.ru](mailto:stazhibaev@mail.ru)

**Жакашев Б.Р.**

кандидат экономических наук, доцент Таразский инновационно-гуманитарный университет,  
г.Тараз, Республика Казахстан

E-mail: [bzhakash@mail.ru](mailto:bzhakash@mail.ru)

**Андатпа:** Мақалада қаржылық есеп беруді қалыптастырудағы қаржылық алаяқтықтың өзекті мәселелері қарастырылған. Еңбектің авторлары қаржылық бұрмалаудың пайда болуының факторларын анықтап, оларды қолданатын әдістерін көрсеткен, сонымен қатар қаржылық алаяқтың ерекшеліктеріне назар аударып, қаржылық есеп берудегі бұрмалануды табу және алдын алу әдістерін жетілдіру жолдарын қарастырған.

**Түйінді сөздер:** алаяқтық, қаржылық есеп беру, қаржылық ақпаратты бұрмалау, бұрмалаудың әдістеріне қарсы тұру

**Аннотация:** В данной статье рассмотрены актуальные проблемы, связанные с мошенническими действиями при формировании финансовой отчетности. Авторами произведен